Самым кардинальным изменением за последние годы, потрясшим не только институт исполнительной надписи, но и все нотариальное сообщество, стало введение территориальности по отдельным видам бесспорных требований при совершении исполнительной надписи. Законом Республики Казахстан от 31 декабря 2021 года № 100-VII ЗР «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственного управления, совершенствования залоговой политики банков второго уровня, регулирования оценочной деятельности и исполнительного производства» статья 92-2 ЗРК «О нотариате» была дополнена пунктом 3 следующего содержания: «Исполнительная надпись на основании подпунктов 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) и 8) пункта 2 статьи 92-1 совершается по месту регистрации либо месту жительства должника (физического лица), если иной адрес не указан в договоре, в случае если должником является юридическое лицо, то по месту его регистрации либо месту нахождения его

постоянно действующего органа.» Без особой разъяснительной работы, без широкого обсуждения данного вопроса нотариусы страны получили столь значительное изменение, связанное с введением территориальности по всем восьми пунктам бесспорных требований, за исключением девятого, связанного с взысканием начисленных, но не выплаченных работнику заработной платы и иных платежей. Конечно же, эти изменения вызвали массу вопросов не только практического правоприменительного характера, но и законодательного.

Возник вопрос, связанный с совершением исполнительных надписей в отношении солидарных должников, проживающих на различных территориях, так как не было законодательного урегулирования данного вопроса. Также сразу встали вопросы о возмещении расходов взыскателя, связанных с командированием своих представителей к нотариусам по месту нахождения должников, дополнительные расходы, связанные с наймом представителя, почтовые расходы, связанные с пересылкой оригиналов документов нотариусу и обратно и т.д. Указанные вопросы по сей день не нашли своего решения на законодательном уровне, что привело к процессу удорожания и увеличению затрат взыскателя, связанных с совершением исполнительной надписи у нотариуса. Но основной идеей введения территориальности по исполнительным надписям стала возможность рассредоточения совершаемых исполнительных надписей из крупных городов Казахстана по всем регионам страны. Большим бонусом для нотариусов, связанным с введением указанных изменений, стало то, что все нотариусы, в каких бы отдаленных уголках страны они не находились, получили возможность практиковать совершение данного нотариального действия.

В ближайшей перспективе, как представляется, данное нотариальное действие станет основным претендентом на совершение его в удаленном дистанционном режиме.

Сайкен Айсин,

А. Мырзахметов атындағы

Көкшетау университетінің профессоры, з.ғ.к.

Гульсум Айтхожина,

Астана қаласының нотариусы

**НОТАРИУСТЫҢ АТҚАРУШЫЛЫҚ
ЖАЗБАНЫ ЖАСАУЫ АРҚЫЛЫ
КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТИСІНІҢ
ОРТАҚ МҮЛКІН КҮТІП-ҰСТАУДЫҢ
МІНДЕТТІ ШЫҒЫСТАРЫНА
ҚАТЫСУДАН ЖАЛТАРҒАН
ПӘТЕРЛЕР МЕН ТҮРҒЫН ЕМЕС ҮЙ-
ЖАЙЛАРДЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІНЕН
БЕРЕШЕКТІ ӨНДІРІП АЛУ
АЛГОРИТМІ**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 6-бабына сәйкес пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері кондоминиум объектісін басқаруды және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауды жиналысқа қатысу, кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдау, үй кеңесін сайлау, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстарды төлеу жолымен жүзеге асырады.

Нотариустың атқарушылық жазбаны жасауы арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаудың міндетті шығыстарына қатысудан жалтарған пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінен берешекті өндіріп алу мынадай нормативтік актілерге негізделеді:

- 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» ҚР Заңы;
- 2010 жылғы 2 сәуірдегі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңы;
- «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы;
- ҚР Әділет министрінің «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау қағида-

**АЛГОРИТМ ВЗЫСКАНИЯ
ЗАДОЛЖЕННОСТИ
С СОБСТВЕННИКОВ КВАРТИР
И НЕЖИЛЫХ ПОМЕЩЕНИЙ,
УКЛОНЯЮЩИХСЯ ОТ УЧАСТИЯ
В ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ РАСХОДАХ
НА СОДЕРЖАНИЕ ОБЩЕГО
ИМУЩЕСТВА ОБЪЕКТА
КОНДОМИНИУМА ПОСРЕДСТВОМ
СОВЕРШЕНИЯ НОТАРИУСОМ
ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ НАДПИСИ**

Согласно статье 6 Закона РК «О жилищных отношениях» собственники квартир, нежилых помещений осуществляют управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума путем участия на собрании, выбора формы управления объектом кондоминиума, избрания совета дома, а также оплаты расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума.

Взыскание задолженности с собственников квартир и нежилых помещений, уклоняющихся от участия в обязательных расходах на содержание общего имущества объекта кондоминиума посредством совершения нотариусом исполнительной надписи, основывается на следующих нормативных актах:

- Закон РК «О нотариате» от 14 июля 1997 года;
- Закон РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» от 2 апреля 2010 года;
- Закон РК «О жилищных отношениях»;
- Приказ Министра юстиции РК «Об утверждении Правил совершения нотари-

ларын бекіту туралы» 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығы;

- ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 26 мамырдағы № 6 нормативтік қаулысы.

Іс жүзінде бүкіл процесс орта есеппен келесі кезеңдермен бір айдан үш айға дейінгі мерзімге созылады:

- атқарушылық жазбаны жасау үшін нотариусқа өтініш жасауға құжаттарды жинау;

- нотариусқа өтініш жасау және берешекті есептеу;

- нотариустың атқарушылық жазбаны жасауы;

- борышкердің қойылған талаптарға наразылық беруі;

- меншік иесінің берешегін өтеу.

1-КЕЗЕҢ – қарыздың даусыз екенін растайтын құжаттарды жинау.

Пәтер иелері бірлестігінің, пәтер иесі кооперативінің, жай серіктестіктің және басқарушы компанияның (бұдан әрі – МИБ, ПИК, ЖС және БК) өкілдері нотариусқа өтініш жасау үшін мынадай құжаттарға ие болуға тиіс:

- МИБ (ПИК, ЖС және БК) жарғысының түпнұсқасы мен көшірмесі;

- МИБ (ПИК, ЖС және БК) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

- төрағаны сайлау туралы хаттаманың түпнұсқасы мен көшірмесі;

- тарифті бекіту туралы МИБ (ПИК, ЖС және БК) хаттамасының түпнұсқасы мен көшірмесі;

- МИБ (ПИК, ЖС және БК) төрағасының және бухгалтердің қолымен расталған түпнұсқалар) БЕО-тан салыстыру актісі немесе үзінді көшірме (бар болса);

- ЖСН, ұялы телефон нөмірі және борышкердің өзге де байланыс ақпараты (бар болса).

2-КЕЗЕҢ – берешекті есептей отырып, нотариусқа өтініш жасау және беру.

Нотариустың міндеттеріне өтініш жасау және берешекті есептеу кірмейді, сондықтан МИБ (ПИК, ЖС және БК) өкілдері нотариусқа өз бетінше өтініш

альных действий нотариусами» от 31 января 2012 года № 31;

- Нормативное постановление Верховного Суда РК «О применении судами законодательства при рассмотрении дел об оспаривании исполнительной надписи» от 26 мая 2022 года № 6.

На практике весь процесс занимает в среднем от одного до трех месяцев, который включает в себя следующие этапы:

- сбор документов для составления заявления нотариусу для совершения исполнительной надписи;

- составление заявления нотариусу и расчет задолженности;

- совершение исполнительной надписи нотариусом;

- подача должником возражения на предъявленные требования;

- погашение задолженности собственником.

1 ЭТАП – сбор документов, подтверждающих беспорочность задолженности.

Представители объединения собственников квартир, кооператива собственника квартир, простого товарищества и управляющей компании (далее – ОСИ, КСК, ПТ и УК) для составления заявления нотариусу должны иметь следующие документы:

- оригинал и копию устава ОСИ (КСК, ПТ и УК);

- справка о государственной регистрации ОСИ (КСК, ПТ и УК);

- оригинал и копию протокола об избрании председателя;

- оригинал и копию протокола ОСИ (КСК, ПТ и УК) об утверждении тарифа;

- акт сверки или выписка из ЕРЦ (оригиналы, заверенные подписью председателя ОСИ (КСК, ПТ и УК) и бухгалтера (при наличии));

- ИИН, мобильный номер телефона и иная контактная информация должника (при наличии).

2 ЭТАП – составление и подача заявления нотариусу с расчетом задолженности.

В обязанности нотариуса не входит составление заявления и расчет задолженности, поэтому представители ОСИ (КСК, ПТ и УК) должны самостоятельно составить

жасауы немесе заңгерлердің көмегіне жүгінуі керек.

Берешекті есептеу кезінде пәтер, тұрғын емес үй-жай, қойма және паркинг иесі нотариусқа жүгінгенге дейінгі соңғы 3 ай бұрын пайда болған берешек өндіріп алынуға жатпайтынын ескеруі керек («Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 50-бабының 6-тармағы). Мысалы, 2023 жылдың қазанына берешек болған жағдайда, осы есепті кезеңге өндіріп алу үшін борышкерге нотариус арқылы берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға жүгінбей, берешекті ерікті түрде өтеуге үш ай уақыт бере отырып, 2024 жылдың ақпанында ғана жүгінуге болады.

Нотариустың атқарушылық жазбаны жасау бойынша қызметтері өтініш берген сәтте төленеді және атқарушылық жазбаны жасағаны үшін нотариаттық қызметтердің өзін тікелей қамтиды, тариф бекітілген болып табылады және 1 АЕК-ті, сондай-ақ борышкерге хабарламаны жеткізу жөніндегі пошта шығыстарын құрайды.

3-КЕЗЕҢ – Нотариустың атқарушылық жазбаны жасауы және оған қатысты жасалған атқарушылық жазба туралы борышкерді хабардар етуі.

Нотариус өтінішті алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасайды.

Нотариус борышкерге хабарламасы бар тапсырысты хат жолдайды немесе борышкердің ұялы телефон нөмірі болған кезде оған WhatsApp мобильді қосымшасы бойынша жасалған атқарушылық жазба және пайда болған берешекті өтеу қажеттігі туралы хабарлама жолдайды.

4-КЕЗЕҢ – борышкердің қойылған талаптарға наразылық білдіруі.

Борышкер нотариусқа қойылған талаптарға наразылықты атқарушылық жазбаны және оның көшірмесі жасалғаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей беруге құқылы.

Бұл ретте наразылық мәлімделген талаппен келіспеу себептерін қамтуы тиіс.

5-КЕЗЕҢ – меншік иесінің берешегін өтеу.

10 жұмыс күні ішінде WhatsApp мобильді қосымшасы бойынша тіркелген

заявление нотариусу или обратиться за помощью к юристам.

Необходимо учесть, что при расчете задолженности необходимо учитывать, что задолженность собственника квартиры, нежилого помещения, кладовой и паркинга, образовавшаяся за последние 3 месяца до обращения к нотариусу, не подлежит взысканию (п.6 ст.50 Закона РК «О жилищных отношениях»). К примеру, в случае наличия задолженности за октябрь 2023 года, обращаться за взысканием за данный отчетный период можно только в феврале 2024 года. Таким образом предоставляя должнику три месяца на добровольное погашение задолженности без обращения к досудебному взысканию задолженности посредством нотариуса.

Услуги нотариуса по совершению исполнительной надписи оплачиваются на момент подачи заявления и включают в себя непосредственно сами нотариальные услуги за совершение исполнительной надписи, тариф является фиксированным и составляет 1 МРП, а также почтовые расходы по доставке уведомления должнику.

3 ЭТАП – совершение исполнительной надписи нотариусом и уведомление должника о совершенной в отношении него исполнительной надписи.

С момента получения заявления нотариус в течение 3 рабочих дней совершает исполнительную надпись.

Нотариус направляет заказное письмо с уведомлением должнику или же при наличии номера мобильного телефона должника направляет ему сообщение по мобильному приложению WhatsApp о совершенной исполнительной надписи и необходимости погасить образовавшуюся задолженность.

4 ЭТАП – подача должником возражения на предъявленные требования.

Должник вправе подать возражение нотариусу на предъявленные требования не позднее 10-ти рабочих дней с момента получения уведомления о совершении исполнительной надписи и ее копии.

При этом, возражение должно содержать причины несогласия с заявленным требованием.

хатты немесе хабарламаны жеткізу туралы хабарлама алғаннан кейін оқиғаларды дамытудың мынадай нұсқалары мүмкін:

1-нұсқа – берешекті ерікті түрде өтеу

Жасалған атқарушылық жазба туралы хабарламаны алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде борышкер өз берешегін өз еркімен өтей алады. МИБ шотына (ПИК және ҚС) борыш төленеді, сондай-ақ нотариустың қызметтері мен пошта шығыстары үшін шығындар өтеледі.

Борышкер барлық борыштарды өтегеннен кейін нотариусқа жазбаша түрде берешекті толық өтеу туралы өтініш-наразылық жолдау арқылы нотариусқа хабарлайды не хабарламасы бар поштамен не түбіртектері қоса берілген нотариустың электрондық поштасына жолданады.

Нотариус атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы береді (бұл ретте нотариустың осы қаулыны беру жөніндегі қызметі төленбейді).

2-нұсқа – нотариустың атқарушылық жазбасына шағымдану.

Борышкер атқарушылық жазбаны жасалғаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасаған сол нотариусқа мәлімделген талаппен келіспеу себептерін қамтитын қойылған талаптарға наразылық білдіре отырып жүгінуге құқылы.

Нотариус өз кезегінде наразылықты зерделеп, наразылықты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаның күшін жоюға құқылы.

Егер борышкердің наразылығы бойынша атқарушылық жазбаның күшін жоюдан бас тартылған жағдайда, нотариус жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде бұл туралы борышкерге атқарушы жазбаның күшін жоюдан бас тарту себептерінің негіздерін көрсете отырып жазбаша хабарлайды және оны сот орындаушысына берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу үшін жібереді.

3-нұсқа – сот орындаушысының берешекті мәжбүрлеп өндіріп алуы.

Борышкер жасаған атқарушылық жазба туралы хабарламаны алған сәттен бастап 10 жұмыс күні өткен соң нотариус сот орындаушысына атқарушылық жазбаны береді.

5 ЭТАП – погашение задолженности собственником.

После получения уведомления о доставке заказного письма или сообщения по мобильному приложению WhatsApp в течение 10 рабочих дней возможны следующие варианты развития событий:

Вариант 1 – добровольное погашение задолженности.

В течение 10 рабочих дней с момента получения уведомления о совершенной исполнительной надписи должник добровольно может погасить свою задолженность. На счет ОСИ (КСК и ПТ) оплачивается долг, а также возмещаются затраты за услуги нотариуса и почтовые расходы.

Должник после погашения всех долгов уведомляет нотариуса посредством направления заявления-возражения о полном погашении задолженности в письменном виде лично нотариусу либо направляется почтой с уведомлением, либо на электронную почту нотариуса с приложением квитанций.

Нотариус выдает постановление об отмене исполнительной надписи (при этом услуга нотариуса по выдаче данного постановления не оплачивается).

Вариант 2 – обжалование исполнительной надписи нотариуса.

В течение 10 рабочих дней с момента получения уведомления о совершении исполнительной надписи должник вправе обратиться с возражением на предъявленные требования, содержащим причины несогласия с заявленным требованием к тому же нотариусу, который совершил исполнительную надпись.

Нотариус, в свою очередь, изучив возражение, вправе отменить исполнительную надпись в течение трех рабочих дней со дня получения возражения.

В случае, если в отмене исполнительной надписи по возражению должника отказывается, то нотариус в течение вышеуказанного срока сообщает должнику об этом письменно с указанием оснований причин отказа в отмене исполнительной надписи и направляет её для принудительного взыскания задолженности судебному исполнителю.

Сот орындаушысы өз кезегінде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес қажетті іс-шараларды жүзеге асырады.

Борышкер МИБ (ПИК, ЖС және БК) алдындағы негізгі борышынан, нотариаттық және пошта қызметтерінен басқа, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңында белгіленген мөлшерде сот орындаушысына сыйақы-пайызды (негізгі борыш сомасынан) қосымша төлейді.

4-нұсқа – сот, Әділет департаменті және нотариаттық палата арқылы атқарушылық жазбаға шағымдану.

Сот. Борышкер берілген берешекпен келіспеген және атқарушылық жазбаның күшін жоюдан бас тартуды алған кезде борышкерге атқарушылық жазбаның бар екендігі туралы белгілі болған сәттен бастап немесе ерекше талап қою ісін жүргізу тәртібімен нотариустан атқарушылық жазбаның күшін жоюдан бас тартуды алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде нотариуска талап қоюмен сотқа жүгіне алады.

Нотариус сотта МИБ-ті (ПИК, ЖС және БК) үшінші тұлға ретінде тартуға құқылы (төрағаның өзі қатыса алады немесе заңгердің көмегіне жүгіне алады).

Сот борышкердің талап-арыз талаптарын қанағаттандырмаған жағдайда, берешекті өтеу сот орындаушысы арқылы немесе нотариустың әрекеттеріне сотқа шағымдану кезінде атқарушылық іс жүргізу тоқтатылмауына байланысты бұл екіталай болатын ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер сот құқық туралы дауға байланысты қараусыз қалдырса, яғни дау борышкер мен МИБ (ПИК, ЖС және БК) арасында туындаған кезде (мысалы, берешек сомасы, мерзімдері және т.б. дау туындауы мүмкін). Бұл жағдайда оқиғаларды дамытудың екі нұсқасы мүмкін: борышкер қарызды ерікті түрде өтейді немесе борышкер сотқа МИБ (ПИК, ЖС және БК) береді.

Сондықтан борышкерге уақыт пен ақшаны үнемдеу үшін азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен берешек сомасына немесе берешекті есептеу мерзімдеріне және т.б. дауласу үшін МИБ (ПИК және ЖС)

Вариант 3 – принудительное взыскание задолженности судебным исполнителем.

По истечении 10 рабочих дней с момента получения уведомления о совершенной исполнительной надписи должником нотариус передает судебному исполнителю исполнительную надпись.

Судебный исполнитель в свою очередь осуществляет необходимые мероприятия согласно Закону РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей».

Должник помимо основного долга перед ОСИ (КСК, ПТ и УК), нотариальных и почтовых услуг дополнительно оплачивает вознаграждение-процент (от суммы основного долга) судебному исполнителю в размере, установленном Законом РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей».

Вариант 4 – обжалование исполнительной надписи через суд, департамент юстиции и нотариальную палату.

Суд. Должник при несогласии с предъявленной задолженностью и получением отказа в отмене исполнительной надписи может обратиться с иском в суд на нотариуса в течение 10 рабочих дней с момента, когда должнику стало известно о наличии исполнительной надписи или с момента получения отказа в отмене исполнительной надписи от нотариуса в порядке особого искового производства.

Нотариус в суде вправе привлечь ОСИ (КСК, ПТ и УК) в качестве третьего лица (председатель сам может участвовать либо обратиться за помощью юриста).

В случае неудовлетворения судом исковых требований должника, то погашение задолженности может осуществляться через судополнителя или в добровольном порядке, что маловероятно, т.к. исполнительное производство не приостанавливается при обжаловании действий нотариуса в суде.

Если суд оставляет без рассмотрения в связи с имеющимся спором о праве, т.е. когда спор возникает между должником и ОСИ (КСК, ПТ и УК) (например, может оспариваться сумма задолженности, сроки и

сотына бірден талап қоюды талап арызда: «бөлігінде немесе толықтай орындалуға жатпайтын атқарушылық жазбаны тану» деп көрсету ұсынылады.

Әділет департаменті және нотариаттық палата. Борышкер атқарушылық жазбаны жасауға келіспеген жағдайда әділет департаментіне немесе нотариаттық палатаға шағыммен жүгіне алады. Шағым 10 жұмыс күні ішінде қаралады, бірақ бұл мерзім қарызды өндіріп алу кезінде заңнамада көзделген мерзімдерге әсер етпейді. Осыған байланысты, тәжірибе көрсетіп отырғандай, атқарушылық жазбаны жасау кезінде нотариустың құқыққа қайшы әрекеттерінде дәлелді негіздер болмаса, жоғарыда аталған органдарға шағым беру борышкердің құқықты теріс пайдалануы және әділет органдары мен нотариаттық палатаны жаңылдыруы болып табылады.

Осы бапта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға міндетті шығыстарға қатысудан жалтаратын пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінен берешекті өндіріп алудың негізгі аспектілері ғана қамтылғанын назарға ала отырып, нотариустың атқарушылық жазбаны жасауы арқылы құқық қолданушыға жоғарыда аталған актілермен және әсіресе «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істерді қарау кезінде заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 6 Нормативтік қаулысымен мұқият танысуды ұсынамыз.

т.д.). В данном случае возможны два варианта развития событий: должник погашает в добровольном порядке задолженность или же должник подает в суд на ОСИ (КСК, ПТ и УК).

Поэтому рекомендуется должнику для экономии времени и денег сразу подавать иск в суд на ОСИ (КСК и ПТ) для оспаривания суммы задолженности или сроков исчисления задолженности и т.д. в порядке гражданского судопроизводства с указанием в исковом заявлении: «признать исполнительную надпись, не подлежащую исполнению в части или полностью».

Департамент юстиции и нотариальная палата. Должник при несогласии с совершением исполнительной надписи может обратиться с жалобой в департамент юстиции или нотариальную палату. Жалоба рассматривается в течение 10 рабочих дней, но этот срок не влияет на предусмотренные законодательством сроки при взыскании задолженности. В этой связи, как показывает практика, подача жалобы в вышеуказанные органы, без наличия мотивированных оснований в противоправных действиях нотариуса при совершении исполнительной надписи является злоупотреблением правом должником и введением в заблуждение органов юстиции и нотариальной палаты.

Принимая во внимание, что в настоящей статье освещены лишь основные аспекты взыскания задолженности с собственников квартир и нежилых помещений, уклоняющихся от участия в обязательных расходах на содержание общего имущества объекта кондоминиума, посредством совершения нотариусом исполнительной надписи, настоятельно рекомендуем правоприменителю внимательно ознакомиться с вышеперечисленными актами и особенно с нормативным постановлением Верховного Суда РК «О применении судами законодательства при рассмотрении дел об оспаривании исполнительной надписи» от 26 мая 2022 года № 6.

*Гүлнар Неталиева,
Жетісу облысының нотариусы*

МҰРАГЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ

Мұрагерлік жайында сөз болғанда түрлі жылжымайтын мүлік пен автомобиль, депозиттегі ақша, т.б. дүниелер көз алдымызға келе қалады емес пе? Бір қарағанда Жаратқанның қалауымен, ғайыптың күшімен күтпеген байлық әп сәтте үйіліп-төгіліп келе салатын сияқты көрінеді.

Әйтсе де бұл жерде мұрагер өзіне қалдырылып отырған мұраның алғаусыз сыйлық қана еместігін, оның бір мезгілде үлкен жауапкершілік те жүктейтінін ұмытпағаны жөн. Олай дейтініміз, мұрагерге бүкіл дүниемен, қаржы активтерімен қатар мұра қалдырушының бүкіл қарызы да тиесілі болады. Сондықтан да мұрагерге мұраны қабылдау немесе қабылдамау жөнінде маңызды шешім қабылдауға тура келеді.

Ондай шешім қабылдағаннан кейін де барлық мәселе өздігінен шешіле салмайды. Басқа сөзбен айтқанда, жақын адамының, туысының өмірден өтуі оның барлық құқықтары мен мүлкінің мұрагерге автоматты түрде өтетінін білдірмейді. Өмірдің барлық кезеңіндегідей бұл жерде де құқықтық сауаттылық қажет болады.

Әдетте мұраны қабылдау мұра ашылған күннен бастап 6 айдың ішінде нотариусқа арыз беру арқылы атқарылады. Дегенмен күнделікті тіршілік барысында бұл мерзімнің қатаң сақтала бермейтінін де айтып өтуге тиіспіз. Оған көп ретте әдеттегі жайбасарлығымыз немесе қарапайым құқықтық сауатсыздығымыз, т.б. жайттар себеп болып жатады. Тіпті осы мерзім

ішінде жақын адамдарымыздың қайтыс болғанын білмей, естімей қалатын жайттар да кездеседі. Әлдебір себептермен, мәселен, шалғай ауылда тұратындығы себепті нотариусқа кезінде келе алмай қалатын жағдайлар да орын алады. Мұның аяғы, яғни нотариусқа өтініш жасаудың 6 айлық мерзімін өткізіп алудың салдары көп ретте нотариалдық әрекетті жасаудан бас тарту туралы қаулы шығарылып, бұдан арғы кезеңде сот шырғалаңына әкелуі әбден мүмкін.

Бұл жерде «мүмкін» деген сөзді жайдан жай жазып отырған жоқпыз. Өйткені, 6 айлық мерзімді өткізіп алған күннің өзінде мұрагердің өзіне тиесілі мүлікке ие болу мүмкіндігі бар. Ондай мүмкіндік «Мұраны іс жүзінде қабылдау» деп аталады.

Мұра іс жүзінде қалай қабылданады? Егер мұрагер жақын туысынан қалған дүниеге өз мүлкіндей қарап қамқорлық танытса, қожалық етсе, мәселен, коммуналдық төлемдерін төлеп, бүлінбей сақталуын қамтамасыз етсе, сол үйде тұрып жатса, сол үйдің бау-бақшасын өсірумен айналысса, оның мұраны іс жүзінде қабылдағаны саналады. Мұрагердің осындай төлемдерді атқарғанын дәлелдейтін төлем түбіртектері, квитанциялар, т.б., дүниеге қожалық етуінің нақты дәлелдеріне жатады.

Тірлігінде адамдар бір-біріне қарыз беріп, қарыз алып жатады. Мұра қалдырушы солайша біреуге берген қарызын алып үлгермей қайтыс болып кетсе, борышкер адам алған қарызын оның әйеліне немесе бала-шағасына, басқа да жақындарына

әкеліп берсе, ол да мұраны іс жүзінде қабылдау болып саналады.

Бұрындары адамдар бір үйде тіркеуде тұрған болса, ол мұраны іс жүзінде қабылдағанға жатқызылатын. Содан кейінгі кезеңде мұрагер болғысы келетін адамның сол үйде тіркеуде тұрғанымен іс жүзінде басқа үйде тіршілік етуі мүмкін ғой деген де уәж айтыла бастады. Демек, нақты тіркеуде тұру мен нақты бір үйде тіршілік ету екі бөлек мәселе.

Осындай екіжақты түсінік тудыратын мәселелер көбірек туындайтындықтан нотариустар мұраны іс жүзінде қабылдау мәселесіне аса сақтықпен қарап, нақты қорытынды шығаруға асыға бермейді.

Нотариусқа өтініш жасаудың 6 айлық мерзімін өткізіп алған, бір мезгілде мұраны іс жүзінде қабылдап алғанын дәлелдей алмаған мұрагер құнды дүниені қабылдау мерзімін сот арқылы ғана ұзарта алады.

Осылайша мұраны қабылдаудың екі түрі – мұраны нотариусқа арыз жазу, өтініш жасау арқылы қабылдау және іс жүзінде қабылдау түрлерінің бар екенін көреміз. Бірінші жағдайда мұрагер өзінің мұраны қабылдағысы келетінін жазбаша түрде білдіреді. Екінші жағдайда, жоғарыда айтып өткеніміздей, мұра іс жүзінде қабылданады.

Тағы бір айта кететін жайт – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» №5 Нормативтік қаулысы бойынша «...Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері мұраның ашылу орны болып табылады», яғни мұра қалдырушының соңғы тұрған жері оның тұрақты тұрған жеріне сәйкес келеді. Соған орай мұра қалдырушының соңғы тұрған жері белгісіз болса немесе ол жер Қазақстан Республикасы аумағынан тыс аймақта болса, мұраның ашылу орны деп мұрагерлік мүліктің орналасқан орны танылады.

Айрықша бөліп айта кететін мәселе – нотариусқа өтінішпен шығу мерзімі мен мұраны іс жүзінде қабылдау мерзімін өткізіп алғандар сотқа шағымданғанда

олардан нотариустың мұра алу құқығы туралы куәлікті беруден бас тарту жөніндегі қаулысы міндетті түрде талап етіледі. Ондай қаулы берілгеннен кейін де сот нотариусты арнайы шақырып, қаулыны не үшін шығарғанын сұрап, мазасын, уақытын алады.

Бұл жердегі ренішіміздің туындау себебі – нотариус белгілі бір құжатқа куәлік еткен соң ол құжат қолданыстағы заңдылықтың көрінісі болып табылуы тиіс емес пе? Соған қарамастан оны сотқа шақырып: «Неге өйтіп жаздың? Мынау дұрыс па? Анау дұрыс па? Қандай дәлелдерге сүйендің?» – деп заңды күші бар құжатты қайта тексеруден өткізеді. Мұны дұрыс тәжірибе емес деп есептеймін.

Соттың 15-20 минутта біте қоймайтыны тағы белгілі. Оған ең аз дегенде жарты күн, кейде бірнеше күн кетеді. «Сен сотта жүр екенсің, мен жарты күн, бір күн күте тұрайын» деп тұтынушы, келуші қарап отырмайды ғой...

Өз кезегінде егер сот нотариустарға шынымен сенбейтін болса, одан куәлікті беруден бас тарту жайындағы қаулыны не үшін сұратады, тікелей қарай бермей оны неге сотқа шақыртады деген сұрақтар да туындамай қоймайды...

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, соттардың «Алдымен нотариусқа барып кел, бас тарту жөніндегі қаулыны алып кел, сосын бір-ақ қараймыз» деп талап етуі дұрыс емес. Шындығына келгенде, қолданыстағы заңдылық бойынша әр азамат ешқандай дәлел, дәйектемесіз-ақ сотқа жүгінуге құқылы.

Нотариус мұраны қабылдау жөніндегі куәлікті беруден бас тартса, демек азаматтың нақ сол сәтте мұраны қабылдау құқығының болмағаны. Оның арыз, өтініш беру мерзімін қалай өткізіп алғаны маңызды емес. Соған орай мұрагер даулы мәселенің бәрін сот арқылы шешіп алғаннан кейін ғана нотариусқа жүгінуі тиіс.

Осынау өзекті мәселе тиісті орындар мен жауапты басшылардың назарына ілігер деген үміттеміз.

Насима Валиева,

Абай облысы нотариаттық аймағының нотариусы

СЕНІМХАТТАРДЫ КУЭЛАНДЫРУ

Сенімхаттарды куэландыруға қатысты іс-әрекеттерді нотариус Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің жалпы бөліміне сүйене отырып және де Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау ережелерін» негізге ала отырып, басқа да қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырады. Нотариаттық тәжірибеде сенімхатты куэландыру өте жиі кездесетін нотариаттық іс-әрекеттің бірі болып саналады.

Сенімхат – белгілі бір тұлғаның (сенім білдірушінің) өз өкілеттігі мен құқығын екінші бір тұлғаға (сенім білдірген) бергенін жазбаша растайтын іс-қағазының бір түрі, яғни бұл оны ұсынушының (сенім білдірілген адамның) сенімхатты берген тұлғаның (сенім білдірушінің) өкілі болып табылатынын куэландыратын құжат және соңғысының атынан белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар. Бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінің 167-бабында бекітілген.

Мұндай әрекеттердің негізінде сенім білдірген өкіл үшін ешқандай құқықтық салдарлар туындамайды, ол сенім білдіруші иеленетін құқықтарды жүзеге асыру үшін ғана берілген құжат болып есептеледі.

Заңдық тұрғыдан алғанда, сенімхат беру – бір жақты мәмілелердің бір түрі болып табылады. Оны жасау үшін сенім білдірушінің ерік білдіруі жеткілікті, содан

кейін сенім білдірген өкілдің сенімхатта белгіленген уәкілеттіктер көлемі туындайды, осыған байланысты оны нотариустың куэландыруы мәмілелерді куэландырудың жалпы ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Сенім білдіруші бұл сенімхаттың негізінде өз атына немесе өзі өкіл болып отырған басқа тұлғаларға қатысты ешқандай іс-әрекет жасай алмайды.

Сенімхат жеке тұлғаның атынан да, заңды тұлғаның атынан да берілуі мүмкін.

Жалпы ереже бойынша сенімхатты әрекетке қабілетті, жасы 18-ден асқан азаматтар бере алады. Сенімхатты жас балалардың (14 жасқа толмаған балалар) атынан ата-аналары, асырап алушылары немесе қамқоршылары ғана бере алады. Ал 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалар сенімхатты ата-аналарының, асырап алушыларының немесе қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана бере алады. Оның өзінде кейбір мәміле түрлерін жасауға қатысты берілген құқықтары шегінде сенімхат бере алады. Ол Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінің 22-бабында көрсетілген.

Егер соттың шешімімен азамат әрекетке қабылетсіз деп танылса, оған қорғаншы тағайындалып, сенімхатты қорғаншысы арқылы жасай алады. Әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам сенімхатты қорғаншының келісімімен ғана беруге құқылы.

Сенімхат заңды тұлғаның атынан да берілуі мүмкін. Сенімхат заңды тұлға

атынан берілсе арнаулы бланкке жазылады да, мекеме басшысының қолы қойылып мөрі басылады. Егер материалдық құндылықтар мен ақша алуға, мүліктерді басқаруға, иелік етуге құқық берілсе, онда бас есепшінің де қолы қойылуға тиіс. Заңды тұлғаның атынан да оның талабы бойынша нотариатты түрде сенімхатты куәландыруға болады. Бұл жағдайда сенімхатқа қол қойған лауазымды адамның өкілеттігі және заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі құрылтай құжаттары негізінде тексеріледі.

Егер сенімхат жеке тұлға тарапынан берілсе, нотариуспен куәландырылып, қойылған қолы расталады. Сенімхат кезкелген төлем түрлерін, атап айтқанда жалақы, жәрдемақы, зейнетақы алуға, сондай-ақ заттай корреспонденцияларды алуға, мүлікті басқаруға, оған иелік етуге, транспорт құралдарын иемденіп, қолдануға, мұрагерлік құқық туралы куәлік алу үшін тағы да басқа жағдайларда берілуі мүмкін.

Берілетін өкілеттіктер маңызына байланысты ауқымды немесе шектеулі де болуы мүмкін. Осыған байланысты сенімхаттар үш санатқа бөлінеді.

1. бас немесе жалпы сенімхат, ол белгілі бір кезеңге арналып, әр түрлі іс-әрекеттерді жасауға беріледі. Сенім білдірушінің мүлкін пайдалану және оған билік ету өкілеттігіне байланысты беріледі.

2. арнайы сенімхат – ол белгілі бір кезеңге арналып, бір текті іс-әрекеттерді жасауға беріледі. Мысалы, сот орындарында өкілеттік жасауға, немесе жылжымайтын мүлікті сату, зейнетақы алуға дегендей.

3. бір мәрте берілетін сенімхаттар – бұл сенімхаттар бір ретке ғана, қандай да бір нақты бір іс-әрекетті атқаруға беріледі, мысалы, бір рет қана поштадан алынатын корреспонденция, немесе жоғары оқу орнынан оқу бітіргені туралы дипломды алу т.б.

Сенімхатты куәландыру барысында нотариус, ҚР «Нотариат туралы» Заңының 18-бабының 1-тармағына байланысты сенім білдірушіге сенімхаттың құқықтық салдарын, маңызын, мәнін түсіндіруі қажет.

Қазіргі таңда Қазақстанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібімен бірлесіп және де «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның қатысуымен, азаматтар үшін нотариаттық қызметтерді алуды айтарлықтай жеңілдететін «Цифрлық нотариат» жобасы 2023 жылдың 12 сәуірінен іске қосылды, ол нотариалды куәландырылған сенімхаттардың ресімдеу рәсімін онлайн-форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Қызмет eGov Mobile мобильді қосымшасының «Enotary» бөлімінде қолжетімді.

Енді қазақстандықтардың сенімхатты электронды түрде беруге мүмкіндігі бар. Қазақстан әлемдегі нотариаттық іс-әрекеттің бұл түрін цифрландыруды енгізген алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Мемлекет пен халық арасында өзара байланысты жақсарту үшін eGov мобильді қосымшасы негізінде, «Цифрлық нотариат» жобасы осы бағыттағы маңызды жұмыстардың бірі.

Бұрын сенімхат беру үшін құжатқа нотариус қол қою және куәландыру үшін клиенттің жеке қатысуы қажет болса, енді нотариалды куәландырылған сенімхат азаматтарға eGov Mobile арқылы қолжетімді.

«Цифрлық сенімхат» клиент пен нотариус арасындағы бейнебайланыс арқылы онлайн-режимінде беріледі және де ол бір текті іс-әрекеттерді жасауға беріледі, мысалы, сот орындарында өкілеттік етуге, жасы кәмелетке толмаған жас балалардың мүддесін қорғауға, оларды бір елді мекеннен екінші елді мекенге жол жүру сапарында сенім білдірілген адамның өзімен бірге алып жүруіне, қандай да бір құзырлы органдарда құжаттарды алу, өткізу сияқты, т.б. іс-әрекеттерге беріледі. Онлайн сенімхаттар жылжымайтын мүлікті сатуға немесе басқаруға ғана берілмейді. Кез келген азамат шетелде, ауруханада немесе жолда болса, әрі нотариусқа баруға мүмкіндігі болмаса, нотариуспен онлайн байланысып, нотариалдық сенімхаттарды куәландыра алады. Бұл халық үшін өте тиімді, қолайлы.

Бұл қызметті сенім білдіруші өтініш берген кезде қол жетімді кез келген нотариус көрсете алады. Цифрлық сенімхат қағаз

түріндегі аналогымен бірге барлық мемлекеттік органдарда немесе сұрау салу орнында ұсынылуы мүмкін.

Бұл ретте қауіпсіздік мақсатында электрондық цифрлық қолтаңба eGov Mobile қосымшасында авторизациялау кезінде де, өтінішке қол қою кезінде де пайдаланушының биометриялық деректерін пайдалана отырып қолданылады. Онлайн сенімхат – нотариалды куәландырылған сенімхатты онлайн түрінде беру қызметі.

Онлайн сенімхат «Цифрлық құжаттар» сервисінде қолжетімді болады және оны талап ету орны бойынша ұсынуға болады. Алдағы уақытта онлайн сенімхатты жылжымайтын мүлікке иелік етуге, басқаруға және басқа да сенімхат түрлерін ресімдеу мүмкіндігін шығару жоспарланады. Өзіне арнап өкілеттік құқық берілген әрекеттерді сенім білдірілген адамның өзі атқаруы тиіс. Егер алған сенімхат бойынша осылай етуге өзіне өкілеттік құқық беретін немесе сенім білдірушінің мүдделерін қорғауға байланысты жағдайлардың слдарынан осылай етуге мәжбүр болған ретте ғана, ол сенімхат бойынша әрекет етуді басқа біреуге сенім ауысуы арқылы бере алады. Қайта сенім құқығын үшінші адамға берген кезде берілген сенімхаттың қолданылу мерзімі алғашқы берілген сенімхаттың мерзімінен аспауы тиіс. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілетін сенімхат қайта сенім білдіру құқығы көрсетілген негізгі сенімхатты табыс ету бойынша куәландырылуға тиіс. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхаттың мазмұнында негізгі сенімхат бойынша берілген артық құқық болмауы тиіс. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхаттың қолдану мерзімі, оның берілуіне негіз болған сенімхаттың қолданылу мерзімінен аспауы тиіс. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхат негізінде одан әрі қайта сенім білдіруге жол берілмейді. Сенімхат уақытқа берілсе, ол үш жыл бойы, ал егер қолдану мерзімі көрсетілмесе, берілген күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады. Берілген күні көрсетілмеген сенімхат жарамсыз деп танылады. Сенім білдірілген адам өз өкілеттілігін басқа

біреуге сеніп тапсырғаннан кейін сенім білдірушіге бұл жөнінде және ол адам туралы мәліметтерді хабарлауға тиіс. Бұл міндетті орындамаса, сенім білдірілген адамға өзінің өкілеттік құқықтарын сеніп тапсырған адамның әрекеттері үшін өзінің істегені сияқты жауапкершілік жүктеледі. Жеке тұлғаның өзі ғана жасай алатын мәмілелерде, не олардың өкіл арқылы жасалынуына тыйым салынатын мәмілелерде өкілдік қолданылмайды. Мысалы, өсиет қалдыруды өкіл арқылы жасауға болмайды. Бір қатар мәмілелер немесе заңды әрекеттерді, мысалы некелесу, еңбек шартын жасасу, өмір бойы асырауда ұстау шартын жасауға қатысты айтарымыз – мұндай жағдайда оларды жасайтын адамдардың жеке өзінің қатысуы талап етіледі, сондықтан оларды өкіл арқылы жасауға болмайды. Бұл – ҚР АҚ 163-бабының 5-тармағында заң жүзінде бекітілген. Сенімхатты куәландырылған кезде нотариус сенім білдірушінің әрекет қабілеттілігін тексереді, ол жеке куәлік арқылы тексеріледі, заңды тұлғаның құқық қабілеттілігін және заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін құрылтай құжаттарымен тексереді. Сенімхат беруші тұлға кезкелген уақытта сенімхатты бұзуға құқылы, ал сенім білдірілген тұлға кезкелген уақытта одан бас тарта алады. Бас тарту туралы сенім білдірушінің арызы нотариатты түрде куәландырылады. Бұл ретте сенім білдіруші сенімхат берілген өкілге, басқа да үшінші тұлғаларға және сенімхатты куәландырылған нотариусқа хабарлауға міндетті, сонымен қатар сенімхат сенім білдірушіге қайтарылып берілуі тиіс.

Сенімхаттың күші мынадай жағдайларда жойылады:

1. сенімхаттың мерзімінің өтуі;
2. сенімхатта көзделген іс-әрекеттің жүзеге асуы;
3. сенім білдірушінің оның күшін жоюы;
4. сенім білдірілген адамның одан бас тартуы;
5. сенімхат берген заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылуы;
6. атына сенімхат берілген заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылуы;

7. сенімхат берген адамның қайтыс болуы, оның әрекет қабілеттілігі жоқ, әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы.

Бұл көрсетілген жағдайлар Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 170 бабымен бекітілген.

Нотариус сенімхаттың күшін жою туралы сенім берушінің өтініші бойынша сенімхаттың күшін жою туралы өтініштегі сенім білдірушінің қолының түпнұсқалығын куәландырады. Нотариус өзі куәландырған сенімхаттың күші жойылғаны жөнінде, нотариаттық электрондық іс тізімдемесінде және нотариаттық кеңсе істерінде сақталатын сенімхат данасында белгі соғады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабының 3-тармағына сәйкес нотариат куәландырылған сенімхаттарға:

1) госпитальдарда, санаторийлер мен басқа әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілердің және өзге де адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлер мен басқа әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған сенімхаттар;

2) мемлекеттік нотариалдық кеңселер мен басқа да нотариалдық әрекет жасайтын органдары жоқ әскери бөлімдер, құрамалар, мекемелер және әскери-оқу орындары орналасқан мекендердегі осы бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған әскери қызметшілердің сенімхаттары, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің, олардың отбасы мүшелері мен

әскери қызметшілер отбасы мүшелерінің сенімхаттары;


3) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған сенімхаттары;

4) халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі кәмелетке толған әрекет қабілеттігі бар азаматтардың осы мекеменің немесе тиісті халықты әлеуметтік қорғау органдарының басшысы куәландырған сенімхаттары теңестіріледі.

Сенімхатты куәландыру барысында нотариус оның жарамсыздығына алып келетін шарттарға жол бермеуі қажет. Сенімхат төмендегі жағдайларда жарамсыз деп танылуы мүмкін, егер ол:

- заңға сәйкес келмесе;
- құқықтық тәртіптілікті тікелей бұзатын өкілеттіктерді орындау үшін берілсе;
- адастыру, алдау, қорқыту, зорлық немесе ауыртпалық тудыратын жағдайлардың негізінде жасалған жағдайда;
- кәмелетке жасы толмаған немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі азаматпен жасалған жағдайда;
- егер сенімхаттың мазмұны заңдылық тәртіпке сәйкес келмеген жағдайда.

үшін жеткілікті ақша сомасы болмаған кезде, өндіріп алу борышкерге тиесілі басқа мүлікке орындау жөніндегі шығыстар және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу шығыстары ескеріле отырып, атқарушылық құжатты орындау үшін қажетті мөлшерде және көлемде қолданылады. Борышкердің басқа мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, өндіріп алу мүлік сатылғаннан кейін және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төленгеннен кейін, сондай-ақ орындау бойынша заңда белгіленген шығыстардан кейін қалған сома борышкерге қайтарыла отырып, атқарушылық құжат бойынша құны өндіріп алу мөлшерінен асатын борышкер мүлкіне қолданылуы мүмкін (4 және 5-тармақтар).

2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңда «борышкердің банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сақтандыру ұйымдарындағы ақшасына, сондай-ақ жалақысына және борышкердің кірістерінің өзге де түрлеріне өндіріп алуды қолдануды қоспағанда, борышкердің мүлкіне, оның ішінде ортақ мүліктегі үлесіне өндіріп алуды қолдануды сот орындаушысы прокурор санкциясымен жүзеге асырады» (55-баптың 8-тармағы) деп белгіленген.

«Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – 1997 жылғы 14 шілдедегі Заң) 1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасындағы нотариат «нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды» қамтамасыз етеді деп бекітілген.

1997 жылғы 14 шілдедегі Заңның 92-1-бабына сәйкес борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап етіп алдыру үшін нотариус берешекті белгілейтін төлнұсқа құжат көрсетілген кезде бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы электрондық түрде атқарушылық жазба жасайды. Атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алу құжатпен расталған даусыз талаптар бойынша – берешек даусыз болған кезде және борышкер орындалмаған міндет-

числе и находящиеся в банках и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, если иной порядок не определен в исполнительном документе (пункт 2). При отсутствии у должника денежных сумм, достаточных для погашения задолженности, взыскание обращается на другое принадлежащее должнику имущество в том размере и объеме, который необходим для исполнения исполнительного документа с учетом расходов по исполнению и оплате деятельности частного судебного исполнителя. В случае недостаточности другого имущества должника взыскание может быть обращено на его имущество, стоимость которого превышает размер взыскания по исполнительному документу, с возвратом должнику суммы, оставшейся после реализации имущества и оплаты деятельности частного судебного исполнителя, а также установленных в законе расходов по исполнению (пункты 4 и 5).

Законом от 2 апреля 2010 года установлено, что «обращение взыскания на имущество должника, в том числе на долю в общем имуществе, за исключением обращения взыскания на деньги, находящиеся в банках и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, страховых организациях, а также на заработную плату должника и иные виды доходов должника, судебным исполнителем осуществляется с санкции прокурора» (пункт 8 статьи 55).

В пункте 1 статьи 1 Закона Республики Казахстан от 14 июля 1997 года «О нотариате» (далее – Закон от 14 июля 1997 года) закреплено, что нотариат в Республике Казахстан обеспечивает «защиту прав и законных интересов физических, юридических лиц путем совершения нотариальных действий».

В соответствии со статьей 92-1 Закона от 14 июля 1997 года для взыскания денег или истребования иного движимого имущества от должника нотариус совершает исполнительную надпись в электронном виде посредством единой нотариальной информационной системы при предъявлении подлинного

теме бойынша кінәсін мойындаған кезде ғана жүргізіледі. Осы Заңда атқарушылық жазбаның күшін жоюдың тиісті рәсімі көзделген (92-8-бап).

Конституцияның 26-бабы 3-тармағының негізінде 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – ЖК) 84 – 90-баптарында және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – 2011 жылғы 1 наурыздағы Заң) 6-тарауында мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері мен олардағы құрылыстарды, оның ішінде тұрғын үйлерді алып қою шарттары мен тәртібі көзделген.

5. Конституциялық Сот Конституцияда «прокурордың санкциясы» ұғымы қолданылмайтынын атап өтеді. Қазақстан Республикасы прокуратурасының құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – 2022 жылғы 5 қарашадағы Конституциялық заң) айқындалған. Аталған Конституциялық заңда санкция прокурорлық қадағалау актілеріне жатқызылған (32-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы). Прокурор заңдылыққа жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, заңда белгіленген жағдайларда құқық шектейтін сипаттағы жекелеген әрекеттерді жасауға, заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға санкция (келісім) береді (34-баптың 1-тармағы).

Прокурордың санкциясы (келісімі) сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтарын қозғайтын жекелеген шешімдерінің (әрекеттерінің) заңға сәйкестігіне алдын ала қадағалауды білдіреді.

Прокурордың сот орындаушысының шешімдеріне (әрекеттеріне) келісім беру рәсімін атқарушылық іс жүргізуде адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерінің бірі ретінде қарау керек. Заң шығарушы уәкілетті органдардың (адамдардың) шешімдері (әрекеттері) міндетті түрде сот немесе прокурор

документа, устанавливающего задолженность. На основании исполнительной надписи производится взыскание задолженности только по документально подтвержденным бесспорным требованиям – при бесспорности задолженности и признании должником вины в неисполненном обязательстве. В том же Законе предусмотрена соответствующая процедура отмены исполнительной надписи (статья 92-8).

На основании пункта 3 статьи 26 Конституции в статьях 84-90 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года (далее – ЗК) и в главе 6 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» (далее – Закон от 1 марта 2011 года) предусмотрены условия и порядок изъятия земельных участков и находящихся на них строений, в том числе жилища, для государственных нужд.

5. Конституционный Суд отмечает, что в Конституции не используется понятие «санкция прокурора». Компетенция, организация и порядок деятельности прокуратуры Республики Казахстан определены Конституционным законом Республики Казахстан от 5 ноября 2022 года «О прокуратуре» (далее – Конституционный закон от 5 ноября 2022 года). В данном Конституционном законе санкция отнесена к актам прокурорского надзора (подпункт 1) пункта 1 статьи 32). Прокурор в установленных законом случаях, осуществляя высший надзор за законностью, дает санкцию (согласие) на совершение отдельных действий правоограничительного характера, получение сведений, содержащих охраняемую законом тайну (пункт 1 статьи 34).

Санкция (согласие) прокурора предполагает предварительный надзор за соответствием закону отдельных решений (действий) судебного исполнителя, затрагивающих права участников исполнительного производства.

Процедуру согласования прокурором решений (действий) судебного исполнителя следует рассматривать как один из механизмов защиты прав и законных интересов

санкциясының (келісімінің) болуын талап ететін жағдайлар мен тәртіпті айқындауға құқылы.

2022 жылғы 5 қарашадағы Конституциялық заңда прокурордың мүлікті алып қоюға санкция беру жөніндегі өкілеттігі тікелей бекітілмеген. Сонымен бірге, 2019 жылғы 21 қаңтардағы Заңның қолданыстағы редакциясындағы 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңның 32-бабының 6-тармағына сәйкес сот орындаушылары прокурордың санкциясымен азаматтарды сот актісіз жылжымайтын мүлкінен, оның ішінде тұрғын үйінен айыра алады, ал прокурор заңға сәйкес мұндай қаулыларды санкциялайды.

Конституцияда тұрғын үйге қолсұғылмаушылық құқығын қорғауға (25-баптың 1-тармағы) ерекше назар аударылу заң шығарушыны осы конституциялық ережені тұрғын үйге меншік құқығынан айырудың негіздері мен рәсімдерін заңнамалық тұрғыдан регламенттеу кезінде ескеруге міндеттейді.

Атап айтқанда, мұндай тәсіл 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңның 72-бабының 1-тармағында бекітілген борышкер мүлкін өткізу кезектілігінде байқалады. Жеке тұлғаның мүлкіне өндіріп алуды қолдану кезінде осы мүлікті өткізу мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады: бірінші кезекте – бірінші кезектегі қажетті зат болып табылмайтын мүлік, бағалы қағаздар, валюталық құндылықтар, бағалы металдар мен асыл тастар, зергерлік бұйымдар, декор және жайластыру заттары; екінші кезекте – көлік құралдары, жылжымайтын мүлік (тұрғын үйден басқа); үшінші кезекте – тұрғын үй.

1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңның 2-бабының 28) тармақшасында тұрғын үй (тұрғынжай) «тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй)» деп айқындалады. Осы Заңның 3-бабының 3-тармағында «тұрғынжайдан

человека и гражданина в исполнительном производстве. Законодатель вправе определять случаи и порядок, когда решения (действия) уполномоченных органов (лиц) требуют обязательной санкции (согласия) суда или прокурора.

Конституционным законом от 5 ноября 2022 года полномочия прокурора по санкционированию изъятия имущества прямо не закреплены. В то же время в соответствии с пунктом 6 статьи 32 Закона от 2 апреля 2010 года в действующей редакции Закона от 21 января 2019 года судебные исполнители с санкции прокурора могут лишать граждан недвижимости, в том числе жилья, без судебного акта, а прокурор санкционирует такие постановления согласно закону.

Особое внимание в Конституции защите права на неприкосновенность жилища (пункт 1 статьи 25) обязывает законодателя учитывать это конституционное положение при законодательной регламентации оснований и процедур лишения права собственности на жилище.

В частности, такой подход прослеживается в очередности реализации имущества должника, закрепленной в пункте 1 статьи 72 Закона от 2 апреля 2010 года. При обращении взыскания на имущество физического лица реализация этого имущества осуществляется в следующей очередности: в первую очередь – имущество, не являющееся предметом первой необходимости, ценные бумаги, валютные ценности, драгоценные металлы и драгоценные камни, ювелирные изделия, предметы декора и обстановки; во вторую очередь – транспортные средства, недвижимое имущество (кроме жилища); в третью очередь – жилище.

В подпункте 28) статьи 2 Закона от 16 апреля 1997 года жилище определяется как «отдельная жилая единица (индивидуальный жилой дом, квартира, комната в общежитии, модульный (мобильный) жилой дом), предназначенная и используемая для постоянного проживания, отвечающая установленным строительным, санитарным,

айыруға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда соттың шешімімен ғана жол беріледі» деп белгіленген.

Тұрғын үй туралы конституциялық нормалар (25-бап) тұрғын үйдің барлық түріне қатысты.

Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол бермеу туралы норма, тұрғын үй мүлік пен меншіктің бір түрі ретінде (26-баптың 1 – 3-тармақтары) Конституцияның осы жалпы нормаларымен де қорғалатынына қарамастан, Конституцияда ерекше бөліп көрсетілген.

Конституциялық Сот азаматтарды тұрғын үйінен олардың келісімінсіз айырумен байланысты атқарушылық іс жүргізудегі шешімдерді міндетті түрде сот қабылдауға тиіс (Конституцияның 25-бабының 1-тармағы, 26-бабының 2 және 3-тармақтары, 39-бабының 3-тармағы) деп есептейді. Соттың аталған конституциялық өкілеттігін азаматтарды тұрғын үйінен айыру мәселесін шешу кезінде өзге органдар мен лауазымды адамдарға, оның ішінде прокурорға беруге жол берілмейді.

Осыған байланысты тұрғын үйге қолсұғылмаушылық және соттың шешімінсіз одан айыруға жол бермеу қағидатының (Конституцияның 25-бабының 1-тармағы) жеке конституциялық норма ретінде бөліп көрсетілуі және осы баптың 2-тармағында Қазақстан Республикасында «азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады» деп жазылу кездейсоқ емес.

6. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасының Конституцияда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялануы азаматтарды тұрғын үйінен сот шешімімен айыру кезінде және сот орындаушысы бұл шешімді орындаудың кез келген сатысында орындаған кезде белгілі бір шектеулер қоюды және мемлекеттің минималды өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету міндеттемелерін білдіреді деп атап өтеді.

Мәселен, «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» 2022

экологическим, противопожарным и другим обязательным нормам и правилам». В пункте 3 статьи 3 этого же Закона установлено, что «лишение жилища допускается только по решению суда в случаях, предусмотренных законами Республики Казахстан».

Конституционные нормы о жилище (статья 25) относятся ко всем видам жилища.

Норма о недопустимости лишения жилища, иначе как по решению суда, в Конституции выделена особо несмотря на то, что жилище как разновидность имущества и собственности (пункты 1 – 3 статьи 26) защищается и этими общими нормами Конституции.

Конституционный Суд считает, что решения в исполнительном производстве, связанные с лишением граждан жилища без их согласия, должны в обязательном порядке приниматься судом (пункт 1 статьи 25, пункты 2 и 3 статьи 26, пункт 3 статьи 39 Конституции). Указанное конституционное полномочие суда при решении вопроса о лишении граждан жилища недопустимо передавать иным органам и должностным лицам, в том числе прокурору.

В связи с этим принцип неприкосновенности жилища и недопустимости его лишения, иначе как по решению суда (пункт 1 статьи 25 Конституции), не случайно выделен в отдельную конституционную норму и в пункте 2 той же статьи записано, что в Республике Казахстан «создаются условия для обеспечения граждан жильем».

6. Конституционный Суд констатирует, что провозглашение Республики Казахстан в Конституции демократическим, светским, правовым и социальным государством предполагает определенные ограничения и обязательства государства по обеспечению минимального уровня жизни при лишении граждан жилища по решению суда и исполнении этого решения судебным исполнителем на любой стадии исполнения.

Так, в Законе Республики Казахстан от 30 декабря 2022 года «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан

жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында борышкердің Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жердегі барлық жылжымалы және жылжымайтын мүлкі кіретін мүлктік массасының құрамына, атап айтқанда, «борышкердің міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылмайтын жалғыз тұрғын үйі кірмейді» (38-баптың 3-тармағы) деп көрсетілген.

2010 жылғы 2 сәуірдегі Заң бойынша, егер «халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғын үйінен жылыту маусымы кезінде» мәжбүрлеп шығарылуы талап етілсе, атқарушылық іс жүргізу тоқтатыла тұрады (42-баптың бірінші абзацының 6-1) тармақшасы). Жылыту маусымында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтарды берешектеріне байланысты осылайша шығаруға тыйым салынады (1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңның 29-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы және 3-1-тармағы).

Атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алуды қолдануға болмайтын, борышкерге меншік құқығымен тиесілі немесе оның ортақ меншіктегі үлесі болып табылатын, борышкерге және оның асырауындағы адамдарға қажетті мүлік тізбесіне (2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңның 61-бабы) борышкердің және оның отбасы мүшелерінің жалғыз тұрғын үйі кірмеген. Бұл ретте қылмыстық-атқару заңнамасында сотталған адамның және оның отбасы мүшелерінің тұрғын үйіне қолсұғылмаушылықты қамтамасыз етудің ең төмен стандарттары көзделген. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі – ҚАК) сотталған адамның тәркіленуге жататын мүлкіне арналған 78-бабының бесінші бөлігінде ҚАК-ке қосымшада белгіленген тізбеге сәйкес сотталған адамның мүлкін сот үкімімен тәркілеу мүмкіндігіне жол бермеу қамтылады. 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңның 61-бабының мазмұнын көп жағдайда қайталайтын осы қосымшада, өмір сүруге конституциялық құқықты (Конституцияның

Республики Казахстан» указано, что в состав имущественной массы должника, в которую включается все его движимое и недвижимое имущество в Республике Казахстан и за ее пределами, не входит, в частности, «единственное жилище должника, не являющееся обеспечением исполнения обязательств» (пункт 3 статьи 38).

По Закону от 2 апреля 2010 года исполнительное производство приостанавливается, если требуется принудительное выселение «граждан, относящихся к социально уязвимым слоям населения, из единственного жилища на территории Республики Казахстан в период отопительного сезона» (подпункт 6-1) абзаца первого статьи 42). Такое выселение из-за долгов граждан, относящихся к социально уязвимым слоям населения, в отопительный сезон запрещается (подпункт 1) пункта 1 и пункт 3-1 статьи 29 Закона от 16 апреля 1997 года).

В перечне имущества, принадлежащего должнику на праве собственности или являющегося его долей в общей собственности, необходимого для должника и лиц, находящихся на его иждивении, на которое не может быть обращено взыскание по исполнительным документам (статья 61 Закона от 2 апреля 2010 года), отсутствует единственное жилье должника и членов его семьи. При этом в уголовно-исполнительном законодательстве предусмотрены минимальные стандарты обеспечения неприкосновенности жилища осужденного и членов его семьи. В части пятой статьи 78 Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан от 5 июля 2014 года (далее – УИК), посвященной имуществу осужденного, подлежащему конфискации, содержится исключение возможности конфискации по приговору суда имущества осужденного в соответствии с установленным в приложении к УИК перечнем. В этом приложении, во многом повторяющем содержание статьи 61 Закона от 2 апреля 2010 года, имеется подпункт 1), существенный для реализации конституционного права на жизнь (пункт 1

15-бабының 1-тармағы) іске асыру үшін маңызы бар және сотталған адам мен оның асырауындағы адамдар үшін қажетті, оған жеке меншік құқығымен тиесілі немесе оның ортақ меншіктегі үлесі болып табылатын, «аланы тұрғын үй заңнамасында отбасының әрбір мүшесіне белгіленген нормативтерден аспайтын, сотталған адамның және оның отбасының жалғыз тұрғын үйінің» тәркіленуге жатпайтынын белгілейтін 1) тармақша бар. Мұндай ең төмен нормативтер 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңның 75-бабының 1-тармағында қамтылады.

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында сотталған адамға өзі және оның отбасы мүшелері үшін тұрғын үйінің сақталуын қамтамасыз етудің ең төмен стандарттарын белгілеу түрінде тұрғын үй кепілдіктері көзделген, алайда борышкер және оның отбасы мүшелері тұрғын үйінен айырылған, оның ішінде сот орындаушысы кепіл нысанасы болмаған жалғыз тұрғын үйге өндіріп алуды қолданған жағдайда, мұндай кепілдіктер атқарушылық іс жүргізу туралы заңда жоқ. Конституциялық Сот осы мәселелерді ең қымбат қазына ретіндегі адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, оның отбасы мүшелерінің, әсіресе кәмелетке толмаған балалар мен еңбекке жарамсыз адамдардың құқықтары туралы конституциялық нормаларды, сондай-ақ Конституцияның Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады деген ережелерін ескере отырып шешу керек деп есептейді.

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссарының басқармасы «Мәжбүрлеп шығару, әдетте, күш қолдану арқылы жүргізіледі және бұл кедейлерге өте қатты әсер етеді, олар осыдан туындайтын, адамның басқа құқықтарының бұзылуынан зардап шегеді. Көп жағдайларда мәжбүрлеп шығару шешім табу үшін болжанып жүзеге асырылған проблеманы одан бетер ушықтырады» деп атап өтеді («Жеткілікті тұрғын үй құқығы». № 21/Rev.1 актілері жазбасы).

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары басқармасының осы құжатында адамның басқа құқықтарының

статья 15 Конституции) и устанавливающих, что конфискации не подлежит необходимое для осужденного и лиц, находящихся на его иждивении, принадлежащее ему на праве частной собственности или являющееся его долей в общей собственности «единственное жилье осужденного и его семьи, площадь которого не превышает нормативов, установленных жилищным законодательством, на каждого члена семьи». Данные минимальные нормативы содержатся в пункте 1 статьи 75 Закона от 16 апреля 1997 года.

Таким образом, в Республике Казахстан в настоящее время предусмотрены жилищные гарантии для осужденного в виде установления минимальных стандартов обеспечения сохранности жилья для него и членов его семьи, но отсутствуют подобные гарантии в законе об исполнительном производстве при лишении должника и членов его семьи жилища, в том числе при обращении взыскания судебным исполнителем на единственное жилье, которое не было предметом залога. Конституционный Суд считает, что эти вопросы следует решать с учетом конституционных норм о жизни, правах и свободах человека как высших ценностях, о правах членов его семьи, особенно несовершеннолетних детей и нетрудоспособных лиц, а также положений Конституции об утверждении Республикой Казахстан себя демократическим, социальным и правовым государством.

Управление Верховного комиссара по правам человека ООН отмечает: «Принудительные выселения, как правило, сопровождаются применением насилия и несоизмеренно сильно затрагивают бедных, которые из-за этого страдают от нарушения других прав человека. Во многих случаях принудительные выселения еще более усугубляют проблему, ради решения которой они предположительно и осуществлялись» («Право на достаточное жилище». Изложение актов № 21/Rev.1).

В этом же документе Управления Верховного комиссара по правам человека

бұзылуына әкелетін баспанасыздықтың өсуінің, атап айтқанда, қолжетімді тұрғын үйдің болмауымен, мәжбүрлеп шығарумен, әлеуметтік баспананың болмауымен, халықтың анағұрлым осал топтарының қажеттіліктерін елемеумен себептік байланысы көрсетіледі. «Мәжбүрлеп шығару үйсіз адамдардың пайда болуына алып келмеуге тиіс» деп баса атап көрсетіледі. Мемлекеттерге: 1) жеткілікті тұрғын үй құқығын құрметтеу, атап айтқанда, мәжбүрлеп шығару мен үйлерді қиратудан қалыс қалу; 2) қажетті заңнамалық және өзге де шараларды қабылдай отырып, үшінші тараптардың араласуына жол бермей, жеткілікті тұрғын үй құқығын қорғау ұсынылады.

Осыған байланысты Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Парламентінің құзыретін (Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшалары) – қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында тұрғын үйден айыру кезінде кейбір шектеулер белгілеу мүмкіндігін, егер тұрғын үй меншік иесінің жалғыз тұрғын үйі болып табылса, әсіресе, егер ол кепіл нысанасы болмаса, жоғарыда атап өтілген тұрғын үйге қолсұғылмаушылықты қамтамасыз етудің ең төмен стандарттарын ескере отырып көздеуге, сондай-ақ әлеуметтік тұрғын үй қорын дамыту және құқықтық реттеу жөнінде қосымша шаралар қолдануға құқылы екенін атап өтеді.

Конституциялық Сот 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңда құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінің теңгерімін сақтау үшін сот орындаушысының кредиторлар алдындағы қарызды жабу есебіне жалғыз тұрғын үйді сот шешімімен алып қоюы кезінде, борышкермен бірге тұратын кәмелетке толмағандар, еңбекке жарамсыздар, мүгедектер ескеріле отырып, борышкерде және оның отбасы мүшелерінде қалатын тұрғын алаңның ең төмен нормасын көздеген орынды болады деп есептейді.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын

ООН указына сәйкес на причинную связь роста бездомности, ведущей к нарушению других прав человека, в частности, с отсутствием доступного жилья, принудительным выселением, отсутствием социального жилья, игнорированием потребностей наиболее уязвимых групп населения. Подчеркивается, что «принудительные выселения не должны приводить к появлению бездомных лиц». Государствам рекомендуется: 1) уважать право на достаточное жилье, воздерживаться, в частности, от принудительных выселений и разрушений домов; 2) защищать право на достаточное жилье, предотвращая от вмешательства в него третьих сторон, принимая необходимые законодательные и иные меры.

В связи с этим Конституционный Суд отмечает компетенцию Парламента Республики Казахстан, который вправе (подпункты 1) и 2) пункта 3 статьи 61 Конституции) в целях охраны общественного порядка, прав и свобод человека, здоровья и нравственности населения предусмотреть возможность установления некоторых ограничений при лишении жилища, если оно является для собственника единственным и, особенно, если оно не было предметом залога, с учетом вышеотмеченных минимальных стандартов обеспечения неприкосновенности жилища, а также принять дополнительные меры по развитию и правовому регулированию фонда социального жилья.

Конституционный Суд считает, что в Законе от 2 апреля 2010 года для соблюдения баланса прав и обязанностей участников правоотношений целесообразно предусмотреть минимальную норму жилой площади, которая остается у должника и членов его семьи, учитывая совместно проживающих с ним несовершеннолетних, нетрудоспособных, инвалидов, при изъятии по решению суда единственного жилища судебным исполнителем в счет покрытия долга кредиторам.

На основании изложенного, руководствуясь подпунктом 4) пункта 1 и пунктом 4 статьи 72, пунктом 3 статьи 74 Конститу-

және 4-тармағын, 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын және 4-тармағының 4) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптарын, 64-бабының 3-тармағын, 65-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы 3-тармағының «соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды» деген нормасын меншік құқығының маңызды конституциялық кепілі деп түсіну керек. Конституцияда азаматтардың заңды түрде алған кез келген мүлкінің меншік құқығына кепілдік беріледі. Барлық даулы жағдайларда мүлктен айыру сот алдын ала қабылдаған шешім негізінде немесе мүлкті иеліктен шығарудың заңдылығына кейіннен сот бақылауы мүмкіндігімен заңда көзделген өзге де тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

Соттың шешімінсіз тұрғын үйден немесе өзге де мүлктен айыруға тыйым салу туралы конституциялық ережелер (25-баптың 1-тармағы және 26-баптың 3-тармағы) меншік иесінің ауысуы өз еркімен болмаған жағдайларға қатысты.

Прокурор заңда белгіленген шектерде және нысандарда мүлктен айыру заңдылығының сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады және заңда көзделген жағдайларда борышкердің өзіндегі не өзге де жеке және заңды тұлғалардағы мүлкіне (тұрғын үйінен басқа) мәжбүрлеп өндіріп алуды қолдану рәсіміне санкция береді немесе санкция беруден бас тартады. Бұл ретте, егер осы мүлік ортақ бірлескен меншікте болса, оның басқа меншік иелерінің заңды мүдделері қозғалмауға тиіс. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, жеке және заңды тұлғалар заңға сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.

2. Конституцияның 25-бабының 1-тармағында қамтылатын және «соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол

ции Республики Казахстан, подпунктом 1) пункта 3 и подпунктом 4) пункта 4 статьи 23, статьями 55 – 58, 62, пунктом 3 статьи 64 и подпунктами 1) и 2) пункта 1 статьи 65 Конституционного закона Республики Казахстан от 5 ноября 2022 года «О Конституционном Суде Республики Казахстан», Конституционный Суд Республики Казахстан

постановляет:

1. Норму пункта 3 статьи 26 Конституции Республики Казахстан о том, что «никто не может быть лишен своего имущества, иначе как по решению суда», следует понимать как важную конституционную гарантию права собственности. Конституция гарантирует право собственности граждан на любое законно приобретенное имущество. Лишение имущества во всех спорных случаях может производиться на основании предварительно принятого судом решения или иными способами, предусмотренными законом, с возможностью последующего судебного контроля за законностью отчуждения имущества.

Конституционные положения о запрете лишения жилища или иного имущества, иначе как по решению суда (пункт 1 статьи 25 и пункт 3 статьи 26), касаются ситуаций, когда смена собственника происходит не добровольно.

Прокурор в установленных законом пределах и формах осуществляет высший надзор за соблюдением законности лишения имущества и санкционирует в предусмотренных законом случаях процедуру принудительного обращения взыскания на имущество должника (кроме жилища), находящееся у него либо у иных физических и юридических лиц, или отказывает в даче санкции. При этом не должны затрагиваться законные интересы других собственников данного имущества, если оно находится в общей совместной собственности. В случае несогласия с принятым решением физические и юридические лица вправе обратиться в суд в соответствии с законом.

берілмейді» дегенді белгілейтін норманы тұрғын үй, мүлік және меншік құқығы, адамның өзге де құқықтары мен бостандықтары туралы конституциялық нормаларды ескере отырып, сөзбе-сөз түсіну қажет. Адам тұрғын үйінен прокурор санкциясының негізінде емес, сот шешімімен ғана айырылуы мүмкін. Прокурордың тұрғын үйге мәжбүрлеп өндіріп алуды қолдану рәсімін санкциялауы сот шешімінің күшін жоймайды, оны алмастырмайды және оған тең келмейді.

Тұрғын үй адамның және оның отбасы мүшелерінің өмір сүру конституциялық құқығын іске асыруы үшін аса маңызды мүліктің ерекше түрі ретінде Конституцияда ерекше қорғауға ие. Өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратын, сондай-ақ Қазақстанда азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады деген конституциялық ережелерді бекіткен Қазақстан Республикасында тұрғын үйге қолсұғылмаушылыққа және оның тек қана сот арқылы құқықтық қорғалуына кепілдік беріледі: адамды тұрғын үйінен оның келісімінсіз айырған жағдайда сот шешімі міндетті және баламасыз болады. Азаматты тұрғын үйінен, әсіресе жалғыз тұрғын үйінен айыру кезінде онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің, оның ішінде кәмелетке толмағандардың заңда бекітілген құқықтары ескерілуге тиіс.

3. Атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуды қамтамасыз ететін органдар тұрғын үйдің меншік иелерінің конституциялық құқықтары мен заңдарда белгіленген кепілдіктерін сақтауға, азаматтарға мүлкі мен тұрғын үйіне мәжбүрлеп өндіріп алу қолданылғанға дейін олардың құқықтарын түсіндіруге, ал олар келіспеген жағдайда, Конституция талаптарының (25-баптың 1-тармағы және 26-баптың 3-тармағы) орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен және Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі мемлекеттік

2. Норму, содержащуюся в пункте 1 статьи 25 Конституции и устанавливающую, что «не допускается лишение жилища, иначе как по решению суда», с учетом конституционных норм о жилище, имуществе и праве собственности, об иных правах и свободах человека необходимо понимать буквально. Человек может быть лишен жилища только по решению суда. Санкционирование прокурором процедуры по принудительному обращению взыскания на жилище не отменяет судебное решение, не заменяет его и не равнозначно ему.

Жилище как особый вид имущества, существенно важный для реализации человеком и членами его семьи конституционного права на жизнь, имеет особую защиту в Конституции. В Республике Казахстан, утверждающей себя демократическим, правовым и социальным государством, а также закрепившей конституционные положения о том, что в Казахстане создаются условия для обеспечения граждан жильем, гарантируется неприкосновенность жилища и его исключительно судебная правовая защита: в случае лишения человека жилища без его согласия решение суда обязательно и безальтернативно. При лишении гражданина жилища, особенно единственного, должны учитываться закрепленные в законе права проживающих с ним членов семьи, в том числе несовершеннолетних.

3. Органы, обеспечивающие принудительное исполнение исполнительных документов, обязаны соблюдать конституционные права и установленные законами гарантии собственников жилища, разъяснять гражданам их права до принудительного обращения взыскания на имущество и жилище, а в случае их несогласия – принимать меры по обеспечению выполнения требований Конституции (пункт 1 статьи 25 и пункт 3 статьи 26).

4. Правительству Республики Казахстан совместно с Верховным Судом Республики Казахстан, Генеральной прокуратурой Республики Казахстан и другими заинтере-

органдарымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына берілген түсіндіруді және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда жазылған құқықтық ұстанымдарын ескере отырып, тұрғын үйден айыру рәсімін құқықтық реттеуді жетілдіру, соттың, прокуратура мен атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуды қамтамасыз ететін органдардың мүліктен және тұрғын үйден айыру кезіндегі құзыретін нақтылау, азаматтарды, кәмелетке толмағандарды қоса алғанда, олардың отбасы мүшелерін жалғыз тұрғын үйінен айырған кезде олардың тұрғын үй құқықтарын құқықтық қорғауды күшейту мәселелерін қарасын.

5. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

6. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасының
Конституциялық Соты*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК

сованными государственными органами Республики Казахстан, с учетом толкования норм Конституции Республики Казахстан и правовых позиций Конституционного Суда Республики Казахстан, изложенных в настоящем нормативном постановлении, рассмотреть вопросы по совершенствованию правового регулирования процедуры лишения жилища, уточнению компетенции суда, прокуратуры и органов, обеспечивающих принудительное исполнение исполнительных документов, при лишении имущества и жилища, усилению правовой защиты жилищных прав граждан, членов их семей, включая несовершеннолетних, при лишении их единственного жилища.

5. Настоящее нормативное постановление вступает в силу со дня его принятия, является общеобязательным на всей территории Республики Казахстан, окончательным и обжалованию не подлежит.

6. Опубликовать настоящее нормативное постановление на казахском и русском языках в периодических печатных изданиях, получивших право на официальное опубликование законодательных актов, единой системе правовой информации и на интернет-ресурсе Конституционного Суда Республики Казахстан.

*Конституционный Суд
Республики Казахстан*

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан





*Нотариат күні құтты болсын!
С Днем нотариата!*

**Құрметті нотариустар және
нотариаттық сала қызметкерлері!**

Сіздерді кәсіби мереке – Нотариат күнімен құттықтаймыз!

Еліміздің тұрғындарының құқықтары мен мүдделері үшін атқарған әрбір істеріңізді атап өтуге тұрарлық білікті мамансыздар. Осынау игілікті істе қанаттарыңыз талмасын, қажыр-қайраттарыңыз арта берсін!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз!

Уважаемые коллеги!


Поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем нотариата!

Ваша ответственная работа играет важную роль в обществе, обеспечивая защиту прав и законных интересов граждан и бизнеса. Благодаря вашему профессионализму и надежности, обществу доступна качественная юридическая помощь.

Желаем вам успехов во всех начинаниях, стабильности и процветания в работе, а также благополучия, здоровья и счастья в личной жизни. Пусть каждый день приносит вам удовлетворение от вашего благородного труда и новые достижения!

С праздником!

**Суважением,
Республиканская нотариальная палата**



NOTARY



Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
Сарайшық даңғылы,
38 үй, 5 кеңсе
тел.: 8 (7172) 50-88-26

Республика Казахстан
город Астана
проспект Сарайшык,
38 дом, 5 офис
тел.: 8 (7172) 50-88-26

Republic of Kazakhstan
Astana
Sarayshyk avenu,
38, office 5
tel.: 8 (7172) 50-88-26